

**2025 -2026 оқу жылындағы Ақай орта мектебі бойынша Қамқоршылық кеңесі
отырысының хаттамасы №1**

Өткізілген күні: 2025 жылдың 29 тамыз

Өткізілген орны: Ақай орта мектебі

Қатысқандар:

Тулегенова Даметкен Арынгазиевна-кеңес төрайымы

Тулькибаева Сауле Калдановна-кеңес мүшесі

Толенбаева Динара Руслановна-кеңес мүшесі

Уразов Қолғанат Қарабаевич-кеңес мүшесі

Сағраева Айнагүл Жанболатқызы-кеңес мүшесі

Уразов Хамза Аманжолович-кеңес мүшесі

Койшыбаева Ботагоз Каражановна-кеңес мүшесі

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Аз қамтылған және көп балалы жанұя балаларына ыстық тамақ ұйымдастыру және қаржылай көмек көрсету туралы-ДТЖО Иргалиева Г.Ж.
2. Білім беру ұйымының оқулықтармен қамтылуына бақылау жүргізу-кітапханашы Аминова Р.С.
3. «Мектепке жол» акциясының қорытындысы туралы хабарлама-әлеуметтік педагог Жангалиева А.Н.
4. Мектептің ішкі тәртібі бойынша мәселелерді қарау-Директор Демесинов Д.С.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша: Аз қамтылған және көп балалы жанұя балаларына көмек көрсету
Баяндамашы: ДТЖО Иргалиева Г.Ж.

-Мектепте жаңа оқу жылының басында аз қамтылған және көп балалы отбасылар тізімі жаңартылып, әлеуметтік мәртебесі анықталды. Қазіргі таңда 39 оқушы ыстық тамақпен тегін қамтамасыз етілуде. Сонымен қатар, демеушілер мен ата-аналар қауымдастығы тарапынан 1 балаға оқу құралдары мен киім-кешек түрінде көмек көрсетілді.

Қатысушылар бұл бағыттағы жұмысты жүйелі жалғастыруды, оқушылардың әлеуметтік жағдайын үнемі бақылауда ұстауды және демеушілерді тартуды ұсынды.

2-мәселе бойынша: Оқулықтармен қамтылуын бақылау
Баяндамашы: кітапханашы Аминова Р.С.

-Мектеп кітапханасы жаңа оқу жылында 100% оқулықтармен қамтамасыз етті. Әр сынып жетекшісіне оқулық беру тізімдері жасалып, қолхат арқылы тапсырылды. Артық немесе жетіспейтін оқулықтар аудандық білім бөліміне уақытылы сұраныс беріліп толықтырылды. Кеңес мүшелері оқулықтардың сақталуы, ұқыпты пайдаланылуы жөнінде түсіндіру жұмыстарын күшейтуді ұсынды.

3-мәселе бойынша: «Мектепке жол» акциясы туралы хабарлама
Баяндамашы: әлеуметтік педагог Жангалиева А.Н.


-Тамыз айында «Мектепке жол – 2025» республикалық акциясы аясында 15 оқушыға мектеп формасы мен оқу құралдары таратылды. Акцияға ауыл кәсіпкерлері, ұстаздар ұжымы және ата-аналар белсенді атсалысты.


4-мәселе бойынша: Мектептің ішкі тәртібі туралы Баяндамашы: мектеп директоры: Демесин Д.С.

- Мектептің ішкі тәртіп ережесі ҚР Білім беру ұйымдарының ішкі тәртіп қағидаларына сай жаңартылып, барлық сыныптарда таныстырылды. Сабаққа кешігу, мектеп формасын сақтамау, ұялы телефонды сабақ үстінде қолдану сияқты тәртіп бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында профилактикалық шаралар жүргізілуде. Кеңес мүшелері оқушылар арасында өзін-өзі басқару ұйымдарының белсенділігін арттыруды, тәртіпті сақтау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған түсіндірме жұмыстарын күшейтуді ұсынды.

Жиналыс қаулы етіледі:

1. Аз қамтылған және көп балалы отбасылардың балаларын тегін ыстық тамақпен қамту шараларын тұрақты жүргізу.
2. Сынып жетекшілеріне оқулықтардың сақталуын тұрақты бақылау міндеттелсін.
3. Көмекке мұқтаж отбасылардың тізімі жыл бойы жаңартылып отырсын.
4. Мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау бойынша оқушылар мен ата-аналарға үнемі түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

Кеңес төрағасы:  Тулегенова Д.А.

Хатшы:  Иргалиева Г.Ж.